

Кожамбеков Д.Р.
**Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
конституциялық-құқықтық
мәртебесі**

Kozhambekov D.R.
**The constitutional-legal status
of the Spiritual Association of
Muslims of Kazakhstan**

Кожамбеков Д.Р.
**Конституционно-правовой
статус духовного управления
мусульман Казахстана**

Осы мақалада «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының» конституциялық-құқықтық мәртебесі қаралды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының діни бірлестік ретіндегі зайырлы мемлекеттегі құқықтық жағдайы мен қоғамдық маңызы зерттелді. Мемлекет тарапынан діни бірлестіктерді құқықтық реттеу барысындағы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының орны қарастырылды. Сонымен қатар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қалыптасу кезеңдері көрініс тапты. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының халықтың діни ағартушылық саласындағы маңызына тоқталды. Сонымен қатар діни алауыздықтың алдын алу мен ҚР-дың Ұлттық қауіпсіздікті сақтаудағы маңызы қарастырылды.

Түйін сөздер: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ), ислам діні, құқықтық мәртебе, мемлекет пен дін арақатынасы, діни бірлестік, Әбу Ханифа мазһабы.

This article describes the constitutional-legal status of «The Spiritual Association of Muslims of Kazakhstan» (SAMK), is headed by the chief Mufti. The author in a research especially paid attention to the interaction of State and the SAMK in the history of the Kazakhstan and also considers one of possibilities of its development. Author finds it necessary to increase legal personality of «The Spiritual Association of Muslims of Kazakhstan» for strengthening religious and national security of Kazakhstan.

Key words: Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, islam, the legal status, state and religious relations, religious association, Hanafi school.

В этой статье рассматривается конституционно-правовой статус Духовного управления мусульман Казахстана (ДУМК), а также проводится правовой анализ взаимодействия государства и «Духовного управления мусульман Казахстана» в Казахстане. В статье показывается повышение статуса Духовного управления мусульман Казахстана в жизни современного государства, а также вопросы, связанные с непосредственным участием ДУМК в деле нравственного воспитания. Так же автором выдвигается идея необходимости «Духовного управления мусульман Казахстана» как элемента укрепления религиозной, а в конечном счете, и национальной безопасности Казахстана.

Ключевые слова: Духовное управление мусульман Казахстана (ДУМК), ислам, правовой статус, государственно-религиозные отношения, религиозное объединение, Ханафитский мазһаб.

**ҚАЗАҚСТАН
МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде, оның ішінде Қазақстан Республикасында мемлекет пен дін арақатынасы мәселелері өзекті тақырыпқа айналды. Мемлекет пен дін арақатынасы мәселелерін құқықтық реттеу қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, дінаралық қақтығыстарға жол бермеу мақсатын көздейді. Ғ. Сапарғалиев: Қоғамдық келісімді қолдау – мемлекеттің, оның органдарының ғана емес, сондай-ақ қоғамдық-саяси институттардың, тұтастай қоғамның да міндеті. Саяси жанжалды тудыратын себептердің бірі – түпкі рухани құндылықтардағы, мәдени дамудың тарихи және көкейкесті мәселелерін бағалаудағы алшақтықтар – деп, дәл көрсеткен еді [1, 21 б]. Қазіргі кезде қазақстандық қоғамда діни мәселелерге қатысты пікір қайшылықтары көбейіп, құндылықтарды бағалау әр алуан болып кетті. Әрине, Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет ретінде «Мемлекет – дін мен діни бірлестіктерден бөлінген, мемлекет дін ісіне заңсыз араласпауы тиіс» – деген қағидаларды берік ұстанып келеді. Мемлекет діни сипат алған қоғамға қауіпті іс-әрекеттерден адам өмірі мен ұлттық қауіпсіздігімізге нұқсан келтіруі мүмкін заңсыз діни ұйымдар мен олардың заңсыз діни материалдарынан, қауіпті діни-саяси үгіт-насихаттарынан Қазақстан Республикасы азаматтарын алдын алу және қорғауы тиіс. Себебі діни радикализм мен экстремизмнің кең тарауы нәтижесінде әлемнің көптеген нүктелері мен елімізде бірнеше террорлық актілер орын алды. Осы ретте ислам діні атын жамылып, дін атынан ауыр қылмыстар, террорлық актілер ұйымдастыратын діни экстремистер мен террористерді айыптап, адам, қоғам, мемлекет тарапынан бұл қауіптің алдын алу мен болдырмау үшін шұғыл шаралар аса қажет – деп санаймыз. Ол үшін әрбір азамат діни сауаты болғаны маңызды.

Қазақстан Республикасы азаматтарына ислам діні ілімдерін насихаттау мен тарату мақсатында құрылған ҚМДБ-сы халықтың діни сауатын ашуда маңызы зор. Діни бірлестік ретінде «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігі (бұдан әрі – ҚМДБ) Ислам дінінің сүнни бағыты Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын Қазақстан азаматтарының ерікті бірлестігі халық арасында қоғамға қауіпті діни ағымдардың алдын алу үшін үгіт-насихат жүргізіп,

жүйелі, қажетті шаралар атқаруда (бұдан әрі – ҚМДБ). Ал мемлекеттік деңгейде 2011 жылы 11 қазанда қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы мен 2016 жылы 13 қыркүйекте Елбасы жарлығымен құрылған «Дін істері және азаматтық қоғам министрлігін» мемлекет тарапынан жасалған нақты оң қадам деп санауға болады. «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестік ретінде арнайы құрылған «Дін істері және азаматтық қоғам министрлігімен» ынтымақтаса Қазақстан Республикасының тұрақтылығы мен халқының игілігі үшін нәтижелі қызмет етеді – деп сенеміз.

Мақала авторы ислам дінінің сүнни бағыттағы Әбу Ханифа мазһабын мемлекетіміз және қазақстандық қоғам үшін, оның ішінде қазақ халқының мәдениеті және рухани өміріндегі тарихи рөлін жоғары бағалайды және ислам дінінің сүнни бағыты Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын Қазақстан азаматтарының ерікті бірлестігі ҚМДБ-ның қазіргі кезде қоғамымыз үшін аса қажет діни бірлестік санайды.

Осы ретте Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет екенін негізге алып Қазақстан азаматтарының ерікті бірлестігі «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының» – құқықтық мәртебесін айқындау қажеттігі туындайды. Құқықтық мәртебе – Конституция, заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерде, сонымен қатар құрылтай жарғысында бекітіліп мемлекет тарапынан танылған, жеке не заңды тұлғалардың заңды мүдделері мен бостандықтары, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Құқықтық мәртебе ұғымы латын тілінен енген термин *Legal status* – құқықтық жағдайы – деген мағынаны білдіреді.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет ретінде Қазақстан азаматтарының ерікті бірлестігі «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының» – құқықтық мәртебесі, құқықтары мен міндеттері Конституциямыз, кодекстер мен салалық заңдар арқылы белгіленген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының діни бірлестік ретіндегі құқықтық мәртебесі негізінен Қазақстан Республикасы Конституциясы, ҚР Азаматтық кодексі, ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заң актілерінде айқындалған. Енді осы нормативтік актілерге жеке тоқталсақ. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-ші бабына сәйкес еліміз зайырлы мемлекет. ҚР-дың Дін мен діни бірлестіктерге қатысты ұстанымы зайырлы си-

патта болады және ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді.

ҚР Конституциясына сәйкес Республика азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Осы конституциялық норманы басшылыққа алып Ислам дінінің сүнни бағыты Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын Қазақстан азаматтары республикалық ислами діни ерікті бірлестік ретінде «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын» – құрды [2]. «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» Қазақстан Республикасының кемінде бес мың азаматының бастамасы бойынша құрылған, барлық облыстар және Республикалық маңызы бар ірі қалалардан (Астана мен Алматы) кемінде үш жүз азаматы өкілдік ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аумағында өз құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен заңды тұлғалары) бар республикалық діни бірлестік болып танылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабына сәйкес қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді – деп, көрсетілген [3]. Бұл қағида сонымен қатар Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретіндегі барлық діни бірлестіктер мен ҚМДБ-ның заң алдында теңдігінің кепілі. Мемлекет ісіне ҚМДБ-ның араласуына және мемлекеттік органдардың қызметін ҚМДБ-ға жүктеуге жол берілмейтіндігін көрсетеді. Алайда мемлекет пен қоғамдық ұйымдар өзара әріптестік негізде қоғамда қордаланған әлеуметтік мәселелерді шешуге мүдделі. Осы ретте 2016 жылы қыркүйектің 19-шы жұлдызында «Дін істері және азаматтық қоғам министрі» Нұрлан Ермекбаев пен ҚМДБ-ның төрағасы, Бас мүфти Ержан Маямеровпен кездесу барысында – Бас мүфти өз тарапынан мемлекет пен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы арасындағы қалыптасқан конструктивті қарым-қатынасқа тоқталды. Діни басқарманың төрағасы мұсылмандардың рухани қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру және әлеуметтік жобаларды іске асыру, сондай-ақ деструктивті діни ағымдардың таралуына жол бермеу мақсатында барлық қоғаммен бірлесіп атсалысу діни бірлестік үшін аса маңызды болып табылатынын атап өткен еді. Бұл мәлімдеме ҚМДБ-ның мемлекет ісіне араласу немесе діни бірлестікке мемлекеттік органдардың қызметін жүктеу болып саналмайды. Өз кезегінде «Дін

істері және азаматтық қоғам министрі» діни экстремизмнің алдын алу (профилактикасы) бойынша министрлік пен ҚМДБ арасындағы өзара әрекеттесу мәселелерінің маңыздылығын атап өтті [4]. Отандық дін саласының білікті маманы Досай Кенжетайдың пікірінше: Зайырлы елде мемлекет дінге араласпайды деген сөз, алайда Қазақстан сияқты халқының 70 пайызы мұсылман елде халқының діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеспейді деген сөз емес – деп, айтқан пікіріне қосылып, – мемлекеттің осы салада ынтымақтаса әрекет етуін қажет санаймыз [5,23 б]. Бұл зайырлылықтың классикалық үлгісінен бас тартып конкордатты зайырлы мемлекет үлгісіне ұқсайды. Халықтың басым бөлігін құрайтын діни бірлестікпен мемлекет дін саласында қоғам игілігі үшін ынтымақтаса әрекет жасау өркениетті елдерге тән жағдай. 1801 жыл Франция Наполеон халықтың басым бөлігін құрайтын христиандық католик діни өкілдерімен келісімге келіп саяси тұрақтылықты сақтап қала алды. Бұл келісім тарихта Наполеон конкордаты атымен мәлім.

Сонымен қатар осы 5-бапта көрсетілгендей мақсаты немесе іс-әрекеті діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

ҚМДБ мемлекет атынан дінтану сараптамасын жүргізе алмайды. Дінтану сараптамасын жүргізу уәкілетті мемлекеттік орган құзіретінде. Дінтану сараптамасы объектілеріне құрылтай құжаттары, сондай-ақ діни мазмұндағы басқа да құжаттар, діни білім беру бағдарламалары, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар мен діни мақсаттағы заттар жатады. ҚМДБ коммерциялық емес ұйым ретінде пайда табу мақсатын көздемейді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы – діни бірлестік. ҚР Азаматтық Кодексінің 109-бабы мен Коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚР заңының 15-баптарында – рухани қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде, заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша біріккен азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі діни бірлестік – деп, көрсетілген [6,7]. Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңына сәйкес «Діни бірлестік» – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі және оны мемлекеттік тіркеген сәттен

бастап заңды тұлғаның құқық қабілеттілігіне ие болады [8].

ҚМДБ Қазақстан Республикасы азаматтарына ислам діні ілімдерін насихаттау мен тарату мақсатында құрылған діни бірлестік. ҚМДБ негізгі қызметіне – Қазақстан Республикасы аумағында Ислам дінінің тарихи ерекшелігін ескере отырып, сүнни бағыттағы Әбу Ханифа мазһабы және имам Матуриди ақидасы бойынша Ислам дінінің дұрыс және жүйелі насихатталуын қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы аумағында мұсылмандардың ынтымақ-бірлігінің сақталуына ықпал ету; мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарда Қазақстан мұсылмандарының мүдделерін қорғау жатады. Сонымен қатар ҚМДБ жекелеген қызмет түрлерін заңнамалық актілерге сәйкес тек лицензия негізінде іске асырады. ҚМДБ құлшылық ету орындарын ұстауға құқылы. ҚМДБ басқару органдарына: Қазақстан мұсылмандарының Құрылтайы; Төралқа мәжілісі; ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти; ҚМДБ төрағасының орынбасарлары (найб мүфтилер); Тексеру комиссиясы жатады. Ал ҚМДБ құрылымын: ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти; ҚМДБ найб мүфтилері; ҚМДБ орталық аппараты; ҚМДБ Ғұламалар кеңесі; ҚМДБ саптау комиссиясы құрайды.

Қазақстан мұсылмандарының құрылтайы ҚМДБ-ның ең жоғарғы басқару органы. Құрылтай әрбір 5 (бес) жылда бір рет, ал қажет болған жағдайда мерзімінен бұрын ҚМДБ Төралқасының бастамасымен шақырылады. Құрылтай әр облыстан құрылған 300 (үш жүз) бастамашыл топтан іріктеліп, 7 (жеті) және мешіті көп ірі аймақ-өңірлерден 15 (он беске) дейін құрылтайшы сайланады, оларды облыстардың Бас имамдарының ұсынысы негізінде ҚМДБ төралқасы бекітеді. Құрылтайдың ерекше құзыретіне мыналар жатады, олар: ҚМДБ-ны қайта тіркеу, оның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оны тарату мәселелерін шешу; ҚМДБ қызметінің негізгі бағыттарын айқындау; Діни оқу орындарын құру туралы мәселелерді шешу; ҚМДБ төрағасы – Бас мүфтиді (әрі қарай Бас мүфти) 5 (бес) жыл мерзімге сайлау және орнынан босату; ҚМДБ Төралқасын 5 (бес) жыл мерзімге құру және оның мүшелерін (кемінде 11 адам) сайлау; бес жыл мерзімге Тексеру комиссиясын құру; Бас мүфтидің, Тексеру комиссиясының есебін тыңдау, бекіту; ҚМДБ басқару органдарының құзырын, ұйымдық құрылымын, құзыретін қалыптастыру мен тоқтату тәртібін анықтайды; қаржылық есепті беру тәртібі мен мерзімін, сонымен қатар

бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді анықтайды; заңнамалық актілермен бекітілген шеңберде өзге де заңды тұлғаларды, сонымен қатар өз филиалдарын құруға және олардың қызметіне қатысу шешімін қабылдайды.

ҚМДБ-ның жоғарғы лауазымды басшысы ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти болып табылады. Бас мүфти Құрылтай шешімімен бес жыл мерзімге сайланады, қайта сайланады немесе орнынан босатылады. Бас мүфти ретінде 40 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстанда тұрақты 15 жыл тұрған, ұлты қазақ, мемлекеттік тіл мен араб тілін жетік меңгерген, жоғары діни немесе гуманитарлық білім алған, ислам мәдениеті мен теологиясының теориясы және практикасы бойынша терең білімді, мол тәжірибесі бар, денсаулығы шарифат үкіміне сәйкес келетін, Қазақстан мұсылмандары алдында беделді, олардың сеніміне ие болған тек ер адам бола алады. Бас мүфти өз қызметінде Құрылтай, Төралқа шешімдерін, ҚМДБ Жарғысын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады [2].

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қалыптасуы Қазақстан мұсылмандарының 1990 жылы Кеңес Одағы елдері тәуелсіздік ала бастаған тұста өздерінің алғашқы ұйымдастырған құрылтайынан бастау алды. Осы құрылтайда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құру туралы шешім қабылданады (бұдан әрі – ҚМДБ). ҚМДБ алғашында «Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының» құрамында болатын. Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары басын қосқан тұңғыш құрылтайды Ишан Бабахан Әбділмәжіхан 1943 жылы Ташкенттегі өз үйінде ұйымдастырған болатын. Құрылтайға Қазақстаннан өкіл ретінде әл-Ғаффар Шамсуддинов барды. Құрылтайда Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын құру туралы шешім қабылданып, төраға әрі Бас мүфти ретінде Ишан Бабахан Әбділмәжіхан сайланды. Ишан Бабахан Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын 1943 жылдан 1957 жылға дейін басқарды. 1957 жылдан 1982 жылға дейін Зияуддинхан ибн Ишан Бабахан, ал 1982 жылдан 1989 жылға дейін Шамсуддинхан Бабаханов басқарып, 46 жыл Бабахан әулеті Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы басқарды.

Сол кезеңде Қазақстанда казият құрылады, оған әл-Ғаффар Шамсуддинов алғашқы кази ретінде тағайындалады. Кази шарифат заңдары-

ның сақталуын, орындалуын қадағалайтын діндар, дін басы еді. Ол 1946 жылдан Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қазақстандағы ресми өкілі болады. 1952-72 жылдары Сәдуақас Ғылмани, 1972-79 жылдары Жахия қажы Бейсенбайұлы кази болды. Ал ең соңғы кази қызметін Рәтбек қажы Нысанбаев атқарды. Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы Кеңес Одағының діни идеологиялық ұстанымы негізінде Қазақстан мұсылмандарының діни-рухани өміріне ықпал ете алмады. 1990 жылы қаңтардың 12 күні Қазақстан мұсылмандары алғаш ұйымдастырған құрылтайда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын құрып, діни басқарма төрағасы, Бас мүфти қызметіне Рәтбек қажы Нысанбаев сайланды.

ҚМДБ-ның жұмысын жүргізетін әрі басшысы – Бас мүфти, ал бас атқарушы орган Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының аппараты – мүфтият болды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2000 жылығы III құрылтайында Бас мүфтиі болып Әбсаттар қажы Дербісәлі сайланды. 2013 жылы 19 ақпанда Қазақстан мұсылмандарының VII құрылтайында Маямеров Ержан Малғажыұлы Бас имам (мүфти) болып сайланғанды. Мүфти Бас имам, дін басы, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын төрағасы қызметімен қатар діни-құқықтық сипаттағы сұрақтарға жауап беруші тұлға. Ержан Малғажыұлының діни басқармаға келуімен көптеген игі істер қолға алынды. Оның бірі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанында Ғұламалар кеңесін құруы. Ғұламалар кеңесі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы діни-ғылыми мәселелерді шешумен айналысатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Ғұламалар кеңесі өзінің қызметінде Құран Кәрімді, Пайғамбар хадисін, сүнниттік бағыттағы Әбу Ханифа мазһабы және имам Матуриди акидасы ілімін, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын, ҚМДБ Жарғысын басшылыққа алады.

Ғұламалар кеңесінің мақсаттарына: ҚМДБ-ның жалпы қызметі жүйесі және оның имамдары қызметінің негізгі бағыттарын зерттейді; ҚМДБ имамдарына мұсылмандықтың дәстүрлі жолы бойынша мақсатты түсініктемелер береді; Уағыз тақырыптары мен жұма уағыздары мәтіндерін бекітеді; Ислам діни негіздеріне сүйене отырып, қоғам өмірінде мұсылмандық ұстанымға қатысты туындап отырған өзекті мәселелерде пәтуалар шығарып береді. Осы ретте пәтуа шығару мәселесіне қатысты алуан

пікірлер бар. Негізі теократиялық мемлекетте мұсылмандар үшін пәтуа – бұлжытпай сөзсіз орындалуға тиісті заң, міндет, парыз болуы тиіс. Бірақ зайырлы мемлекет ұстанымына сай Ғұламалар кеңесі туралы ережесінде Ғұламалар кеңесі шешімдері ұсыныстық сипатқа ие – деп, көрсеткен [9]. ҚМДБ-сы Ғұламалар кеңесінің шешімдері мен пәтуаларын құқықтың қайнар көзі ретінде қабылдай алмаймыз.

Ғұламалар кеңесінің міндеттеріне: Ислам діні негіздерін, шариғаттың ережелерін бұрмалауға, дінаралық араздыққа, мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктер арасындағы қақтығысқа, ұлтаралық кикілжіңдерге алып келетін пікірлер және шақырулардың орын алмауы мақсатында елдегі мұсылмандық ұстаным жағдайына алдын ала талдау жасап, ұсыныстар енгізу жатады.

Қорытындыда республикалық діни бірлестік «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының» құқықтық мәртебесін құқықтық айқындау заңгерлер, құқық қорғау саласы мамандары, діни қызметшілерге, Ислам дінінің сүнни бағыты Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын Қазақстан азаматтары үшін аса қажет. Зайырлы әрі құқықтық мемлекетте өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біріккен ерікті бірлестіктің нормативтік актілерде белгіленген тәртіппен құрылуы, заң шеңберінде әрекет етуі маңызды. ҚМДБ-сы халқымыздың 70 пайызын құрайтын мұсылман жамағатының басын қосып, заңның үстемдігі, бейбітшілік пен адамгершілікке негізделген ислам діни құндылықтарының насихаттаушысы боларына сенеміз.

Әдебиеттер

- 1 Сапарғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. – Алматы, 1998.
- 2 «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің Жарғысы. – Алматы, 12.04.2012 ж. [www. e-islam.kz](http://www.e-islam.kz)
- 3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 30.08.1995 ж.
- 4 Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты. [www. muftyat.kz](http://www.muftyat.kz)
- 5 Досай Кенжетай. Қазақстан – жаңа сипаттағы зайырлы ел // ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. – №2 (2). – 2015.
- 6 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. 27.12.1994 ж.
- 7 Қазақстан Республикасының Коммерциялық емес ұйымдар туралы Заңы. 16.01.2001 ж.
- 8 Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы. 11.11. 2011 ж.
- 9 ҚМДБ жанындағы Ғұламалар кеңесі туралы ережесі. 25 желтоқсан 2013 жыл.www.fatua.kz

References

- 1 Sapargaliev F. Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijalyk kukugi. Almaty. 1998j.
- 2 «Kazakstan musylmandary dini baskarmasy» respublikalyk islami dini birlestiginin Jargysy – Almaty. 12.04.2012j. [www. e-islam.kz](http://www.e-islam.kz)
- 3 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy. Almaty., 30.08.1995j.
- 4 Kazakstan musylmandary dini baskarmasynyn resmi sajty. [www. muftyat.kz](http://www.muftyat.kz)
- 5 Dosaj Kenzhetaj. Kazakstan –zhana sipattagy zajyrly el.// KazYU Habarshysy. Dintanu serijasy. No2 (2). 2015.
- 6 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk Kodeksi. 27.12.1994j.
- 7 Kazakstan Respublikasynyn Kommercijalyk emes uyimdar turaly Zany. 16.01.2001j.
- 8 Kazakstan Respublikasynyn Dini kyzmet zhәне dini birlestikter turaly Zany. 11.11. 2011 j.
- 9 KMDB zhanyndary Ғұlamalar кеңеси туралы еrezhesi. 25 zheltoksan 2013 zhыл.www.fatua.kz